

Кімге: Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігіне
Орындаған: Тухтаров А.С., Құрманғазы ауданы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс және жұмылдыру дайындығы бөлімінің басшысы
Күні: 12.09.2024ж

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА **«Әскерге шақыру жүйесін жетілдіру»**

1. Кіріспе:

Қазақстан Республикасы азаматының Отанды қорғау міндеті Конституцияда бекітілген. Әскерге шақыру — Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру – бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Қазіргі уақытта әскери қызметке шақыру жүйесіндегі бірқатар жетістіктерге қарамастан, оны жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Себебі жылдан жылға әскерге шақырылғандар санының жеткіліксіздігі мәселесі туындауда.

Бұл ретте әскери қызметке азаматтарды тиімді тарту, олардың құқықтарын қорғау, әскери қызметтің беделін арттыру сияқты мәселелер маңызды болып саналады.


2. Негізгі бөлім:

Әскерге шақыру мәселесі елімізде соңғы кезде орын алған мәселелер кешінінен туындап отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттің қорғаныс қабілетінің төмендеуіне және халықтың наразылығын білдіруге әкелуі мүмкін. Оның дәлелі – 2024 жылғы 9 қыркүйекте e-petition ресми сайтында мерзімді әскери қызметті алып тастау туралы электронды петицияны орналастыру.

Аталған мәселені шешу және алдын алу мақсатында мемлекеттік органдармен бір қатар жұмыстар жүргілуде. Соның ішінде Атырау облысы Құрманғазы ауданында әскерге шақыру жұмыстарын іске асырылуына жауапты аудан әкімі аппараты, 19 ауылдық округ әкімі аппараттары, қорғаныс істері жөніндегі аудандық бөлімі, аудандық полиция бөлімі. Осы мемлекеттік органдардың жұмысының нәтижесінде Құрманғазы ауданы бойынша азаматтарды әскерге жіберу жоспары толықтай орындалды (6 ай 2024ж-64 адам, 6 ай 2023ж-60 адам). Дегенмен, әскерге шақыру жұмыстарын жүргізу кезінде, елімізге тән шақыру жүйесінің негізгі мәселелері орын алуда:


-Әскерге шақырылушылар санының азаюы. Кейбір азаматтардың әскерден жалтаруы немесе денсаулық жағдайының жарамсыздығына

байланысты әскери қызметке шақыруға жататындардың саны азайып келеді (6 ай 2024ж-170 адам, 6 ай 2023ж-129 адам).




-Моральдық-материалдық ынталандырудың жеткіліксіздігі. Әскери қызметтің беделін арттыру үшін моральдық және материалдық ынталандыру шаралары жеткіліксіз. Сонымен бірге, аудандық мүдделі органдарымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілгенмен (кездесулер: 6 ай 2024ж-13, 6 ай 2023ж-17), шақырушылар мемлекет тарапынан әскери қызметті аяқтаған адамдарға берілетін жеңілдіктер туралы түсінігі төмен.

Көрсеткіш	Кезең		Ауытқы	
	6 ай 2023ж	6 ай 2024ж	абсолют	пайыз
Өткізілген кездесу	13	17	4	131
Жарияланған мақала	3	5	2	167



-Денсаулық жағдайына қойылатын талаптардың қатаңдығы. Көптеген азаматтар денсаулықтарына байланысты шақырушылардың


арасында жарамсыздардың жоғары үлесі (6 ай 2024ж-28%, 6 ай 2023ж-22%).



-Жастардың әскери қызметке қызығушылығының төмендігі. Әскери қызметке бару жастар арасында қызығушылығының төмен, бұл әсіресе аудан орталығы-Құрманғазы ауылында байқалады (аудан халқы саны-56,0 мың адам, Құрманғазы ауылы-13,7 мың адам).



Жоғарыда көрсетілген ақпаратты жүйелеу және қабылдауды онтайландыру мақсатында ИСИКАВА диаграммасын назарға ұсынамын.



3. Әскерге шақыру бойынша халықаралық тәжірибе

Әлемнің әртүрлі елдерінде әскери қызметке шақыру жүйелері әртүрлі тәсілдермен ұйымдастырылған. Кейбір мемлекеттерде міндетті әскери қызмет сақталса, басқалары кәсіби әскерге көшті немесе ерікті әскери қызмет жүйесін енгізді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, елдер әскери қауіптер, геосаяси жағдай және азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, өздерінің шақыру жүйелерін жетілдіреді.

3.1. Израиль

Міндетті әскери қызмет жүйесі:

Израиль әлемдегі әскери міндеттілігі ең қатаң елдердің бірі. Ерлер үшін қызмет мерзімі – 32 ай, ал әйелдер үшін – 24 ай. Израильдің қауіпсіздік жағдайына байланысты әскери қызмет барша халық үшін маңызды міндет саналады.

Негізгі ерекшеліктері:

Гендерлік теңдік. Израильде әйелдер де әскерге міндетті түрде шақырылады, бұл гендерлік теңдік принциптерін көрсетеді.

Әскери-патриоттық тәрбие. Израильде жастарға мектептен бастап әскери-патриоттық тәрбие беріледі. Бұл олардың әскерге дайындалуына және елдің қорғанысына қатысты жауапкершілігін арттырады.

3.2. Оңтүстік Корея

Міндетті әскери қызмет жүйесі:

Оңтүстік Кореяда әскери қызмет ер азаматтар үшін міндетті. Әскерде қызмет ету мерзімі шамамен 18-21 ай аралығында. Елдің Солтүстік Кореямен тұрақсыз қатынастары және қорғаныс қажеттіліктері әскери міндеттілікті сақтап отыр.

Ерекшеліктері:

Альтернативті қызмет. Кейбір жағдайларда азаматтар әскери қызметтің орнына басқа мемлекеттік қызмет түрлерін таңдай алады. Бұл шара жастардың әскери міндеттен тыс түрлі тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді.

Жоғары білімділерге арналған жеңілдіктер. Әскери қызметте жоғары білімі бар азаматтарға түрлі жеңілдіктер беріледі. Олар әскерден кейін мемлекеттік жұмысқа орналасуда артықшылықтарға ие болады.

4. Қорытындылар:

Әскерге шақыру жүйесін жетілдіру мемлекет қорғанысының сенімділігін арттырады және жастар арасында әскери қызметке деген оң көзқарасты қалыптастырады.

Әскерге шақыруды жетілдіруде маңызды факторлар — цифрландыру, ерікті жүйелерді дамыту, әскери дайындықты күшейту, моральдық және материалдық ынталандырулар.

Жоғарыда көрсетілген мәселелер шешу үшін шақыру жүйесін жаңғырту, әскери қызметтің беделін арттыру және жастарды әскери қызметке ынталандыруға бағытталған маңызды қадамдар жасау керек.

5. Әскерге шақыру жүйесін жетілдіру жолдары

1. Шақыру мерзімдерін икемді ету

Әскерге шақыру жүйесінде азаматтардың жеке жағдайларына икемділік енгізу маңызды. Мысалы, жоғары білім алу, кәсіби тәжірибе жинақтау, отбасылық жағдай сияқты факторларды ескере отырып, шақыру мерзімдерін кейінге қалдыру мүмкіндігін кеңейту.

Әскерге шақыру жүйесінің беделін арттыру мақсатында қоғамда әскери қызметтің маңызды және абыройлы екенін насихаттау қажет. Медиа, әлеуметтік желілер және басқа да ақпарат құралдары арқылы әскери қызметтің артықшылықтарын кеңінен түсіндіру маңызды.


2. Әйел адамдарды шақыру және альтернативтік қызметті енгізу

Әскери қызметке әйел адамдарын шақыру жалпы әскери дайындығы деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Әскери қызметтің орнына басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес қызмет түрлерін таңдау мүмкіндігін қарастыру. Бұл әдіс жастардың қажетті әскери тәжірибе алуға жағдай жасалады.

Әскери дайындықтан өткен азаматтар бейбіт уақытта резервте тұрады, ал дағдарыс жағдайында шақырылуы мүмкін.

Осы ұсыныстың артықшылықтарын көрсету мақсатында SWOT талдау жасалды.



4. Материалдық және әлеуметтік қолдау

-Моральдық ынталандыру. Әскерге барушылар үшін арнайы жеңілдіктер мен бонустар жүйесін дамыту қажет. Бұл қосымша білім алу мүмкіндігі, әскери қызмет мерзімінен кейін мемлекеттік жұмысқа орналастыру сияқты артықшылықтарды қамтуы мүмкін.

-Материалдық қолдау. Әскерде қызмет еткен азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету, баспана алу мүмкіндігін кеңейту, жұмысқа орналасу кезінде жеңілдіктер беру маңызды.

Әскерге шақырушылар арасында насихат жұмыстарын жандандыру қажет.

4. Әскери дайындықты мектеп және колледж деңгейінде күшейту

Әскери-патриоттық тәрбие мектептер мен колледждерде кеңірек енгізілуі тиіс. Бұл жасөспірімдерге әскерге деген оң көзқарас қалыптастыруға, әскери дайындыққа деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Мектеп бағдарламасына әскери негіздер туралы арнайы курстар енгізу арқылы жастарды бастапқы әскери дайындықтан өткізуге болады. Алғашқы әскери дайындығы оқытушыларды аттестациядан өткізу, тек әскери борышын өтеген азаматтарды тағайындау, олардың еңбек ақы мөлшерін көбейту.

5. Денсаулық талаптарын қайта қарау

Қазіргі уақытта әскери қызметке жарамсыз деп танылған кейбір азаматтар денсаулық жағдайына байланысты әскерге барудан босатылады. Алайда, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерді ескере отырып, азаматтарды арнайы медициналық бағдарламалар арқылы әскери қызметке бейімдеу мүмкіндігін қарастыру қажет.

6. Цифрлық технологияларды пайдалану

-Цифрлық жүйелерді енгізу. Әскерге шақыру процесін цифрландыру арқылы оның ашықтығы мен тиімділігін арттыруға болады. Мысалы, онлайн тіркеу, шақыру процестерін бақылау жүйелері арқылы азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін біле алады.

- Мобильді қосымшалар. Азаматтарға шақыру туралы ақпаратты алу, денсаулық тексерулерінен өту және басқа да процестерді мобильді қосымшалар арқылы жеңілдету жолдарын дамыту.

7. Әскери қызметшілердің өліміне дер кезінде және толықтай тергеп-тексеруде жүргізіп, нәтижелері туралы уақытылы әскери басшылығының тарапынан ақпараттық құралдар арқылы ақпарат беру.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының № 561-IV Заңы.
3. Құрманғазы ауданының 2023-2024 жылдардың статистикалық мәліметтер
4. Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің ресми парақшасы, әлеуметтік желі